

**«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің  
салалық кәсіптік одағы» ҚБ XV Съезінің**

**ҚАУЛЫСЫ**

2024 ж. 26 маусым

Астана қаласы

**«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым  
және жоғары білім қызметкерлерінің  
салалық кәсіптік одағы» ҚБ-нің Жарғысына  
өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

Съезд Кәсіподақ Төрағасының Орынбасары В.Ф. Беженаровтың Кәсіподақ Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының XV Съезі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіподақ Жарғысының жаңа редакциясы бекітілсін:

1.1. 1.1-тармағының 2-абзацы келесі редакцияда жазылсын: «Кәсіподақ салалық кәсіптік одақ болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасы облыстарының, республикалық маңызы бар қалаларының және астананың жартысынан астамын қамтитын аумақта жүзеге асырады».

1.2. 1.13-тармағындағы «Байқоңыр» сөзі «Байқоңыр» сөзіне ауыстырылсын.

1.3. 2.5.1-тармақшасындағы «Әлеуметтік әріптестік жөніндегі салалық үшжақты (екіжақты) комиссияның жұмысына қатысады.» сөйлемі «Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссияның жұмысына қатысады.» деп ауыстырылсын.

1.4. 3.1.10-тармақшасындағы «комитет (комиссия)» деген сөз тіркесі «өндірістік кеңес» деп ауыстырылсын.

1.5. 3.1.17-тармақшасындағы «жарғылық мақсаттарға сәйкес келетін» сөз тіркесін «жарғылық мақсаттарға сәйкес өз мүшелерінің мүддесі үшін өндірістік және шаруашылық қызметті жүзеге асыру».

1.6. 4.1.-тармағындағы «мекеменің жойылуымен» сөз тіркесін «жұмыс беруші - заңды тұлға таратылған не жұмыс беруші - жеке тұлға қызметінің тоқтатылған жағдайына» деген сөз тіркесімен ауыстырылсын.

1.7. 4.5-тармағы жаңа редакцияда жазылсын: «4.5. Уәкілетті кәсіподақ органы мүшелік билетті беру міндеттілігін белгілесе,

кәсіподаққа қабылданған қызметкерге немесе білім алушыға сайланбалы кәсіподақ органы мүшелік билет береді.»

1.8. 4.11-тармақтағы «Кәсіподақтан» деген сөзден кейін «өз еркімен» сөз тіркесі жалғансын;

1.9. 4.12-тармағындағы «кәсіподақ билеті бастауыш кәсіподақ ұйымына тапсырылады» деген тіркес алынып тасталсын.

1.10. 4.19-тармағындағы «кемінде екіден үші» деген сөз тіркесі «көпшілік» деп ауыстырылсын.

1.11. 5.2-тармағындағы «ерекше белгілермен және құрмет грамоталарымен марапаттау» деген сөз тіркесі «құрмет грамоталарымен, төсбелгілермен және басқа да ерекше белгілермен марапаттау» деп ауыстырылсын.

1.12. 6.9-тармағы келесі редакцияда жазылсын: «6.9. Республикалық кәсіподақтар бірлестігінің басқарушы органдарының шешімдері Кәсіподақтың барлық деңгейдегі органдары үшін міндетті болып табылады».

1.13. 11.3.4-тармақшасынан «Кәсіподақ Төрағасының Орынбасарларын» деген сөз тіркесі алынып тасталсын.

1.14. 11.7-тармағы жаңа редакцияда жазылсын: «11.7. Кәсіподақ Төрағасының ұсынысы бойынша Кәсіподақтың Орталық Комитеті Кәсіподақтың атқарушы алқалы органы – Кәсіподақтың Атқару Комитетін, сондай-ақ Кәсіподақ Төрағасының Орынбасарларын сайлайды».

1.15. 14.7-тармағы келесідей сөйлеммен толықтырылсын: «Лауазымы бойынша Бақылау-тексеру комиссиясының төрағасы тиісті жоғары басқарушы органының (конференцияның, Съездің) делегаты болып табылады».

2. Кәсіподақтың Орталық Комитет аппаратына «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ Жарғысына өзгертулер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз ету тапсырылсын.

Төраға



А. Мұқашева